ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

3 апта

4-6 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

3 апта

Аптаның жобасы:

«Көру қабілетіңізді сақтау»

Мақсаты:
көзді және көру қабілетін қалай сақтау, көру қабілетінің маңыздылығын түсіну және көзге арналған жаттығуларды жасап үйрену.

Тапсырманы орындау барысы:
компьютермен және басқа гаджеттермен жұмыс істеу ережелерін оқып үйрену. Компьютер мен көз аралығындағы қашықтықты есептеңіз.

Күнделікті бір жақсылық жасау:

ДҮЙСЕНБІ

«Рақмет!» карталарын дайындап, алғыс білдіретін адамдарыңызға таратыңыз.

Сейсенбі

Үлкен аға-әпкелеріңізге көмектесіңіз.

Сәрсенбі

Ата-әжелеріңізге, туыстарыңызға хабарласып, қал-жағдайын біліңіз.

Бейсенбі

Егер бұзақылық істеп қойған болсаңыз, біреуді ренжіткен болсаңыз – кешірім сұраңыз.

Жұма

Ұйықтар алдында үйдегілердің барлығына "Қайырлы түн!" тілеңіз.

Сенбі

Бүгінгі күні бақытты болуға негіз болған 10 себепті жазыңыз.

Жексенбі

Таңғы ас дайындауға көмектесіңіз.

3 апта

Аптаның қолөнер туындысы:

"Иірімжіптен жасалған ағаш»

Мақсаты: жіптермен жұмыс істеуді үйрену, әдемі және креативті ағаш жасау. Осылайша, бұл аппликациямен өз бөлмеңізді безендіріңіз.

Тапсырманы орындау барысы: түрлі- түсті иірімжіпті, ПВА желімін, қайшы, картон дайындау.

Картонда жоспарлаған ағашыңыздың суретін салыңыз. Жіптерді өте ұсақ кесіңіз және картонға желіммен жабыстырыңыз. Келесі қадамдарды бейнеде көре аласыз: https://www.instagram.com/p/B8igWwkBtZK/?igshid=q9ysd32il9b2

Апта ішінде көруге ұсынылатын деректі фильмдер:

1) «Дара тұлға». Оқу-танымдық анимация (2018 ж) Абылай хан

https://www.youtube.com/watch?v=hSKdJ2dcXSM

3 апта

Аптаның ғибратты әңгімесі:

Қараторғай

Көктемнің жарық сәулесі жерге түсіп, қар еріп жатыр. Күнгей жақ алатегенек бола бастады. Қарға ұзақ қарқылдап жүр. Қамбар ата бірдеңе істеп жатыр. Қасында қаумалап балалар жүр.

- Ата, не істеп жатырсыз?

- Қонағыма үй істеп жатырмын.

- Ол қандай қонақ?

- Қонағым қол басындай, мінезі қорғасындай... – деп қарт жымияды. Қарттың сөзін түсіне алмай, балалар тұрып-тұрып тарасты.

Қар кетті. Көк шықты. Күн майдай. Мінекей, уыстаған тас. Тай шоғармақталып, бір топ қараторғай ұшып келе жатыр. Ауылдың үстіне келіп жарқ берді, бұрылды, олай-бұлай айналды да зу етті.

Биік сырғауылдың басында Қамбар атаның істеген кішкене үйшігі қалқыйып тұр. Қараторғайлар ұшып аулаға келді. Біреуі барып, үйшіктің ауызына қонды. Жан-жағына жалтақтап қарады да, үйшіктің дөңгелек тесігінен ішіне кіріп кетті.Өзге торғайлар да ағаш-ағаштың басынан орын алып, ұшып-қонып жүр.

Бауда, көк шөптің арасында жыбырлап қоңыздар жүр еді. Қараторғайлар ағаштан түсе қалып, қоңыздарды теріп жей бастады. Қаужанып алып, шалшықтан су ішіп, демалуға ағаш басына барып қонысты. Тынығып алғасын, ән салысты.

Манағы үйшікке кірген торғай сонда мекендеп қалды. Күзге дейін кетпеді. Қамбар атай шөп шапса, қараторғай шегіртке қырады.

Құрт, қоңыз, шегіртке, инелік, маса-шыбын – бәрі де егіннің жауы ғой. Сол жаулардың бәрін қараторғай құртады. Қараторғайдың пайдасы бітіргісіз.

Қамбар атайдың «қонағым қол басындай, мінезі қорғасындай» дегені сол қараторғай екен.

3 апта

“Кітап -алтын қазына”,
апталық оқуға ұсынылатын әдебиет:

«Бақбақ басы толған күн»
Марат Қабанбаев
«Бақбақ басы толған күн» повесінің бас кейіпкері - оқушы Заманбек. Өзі ақын, өзі өлең жазады. Мінезі де қызық, ойлағаны да күлкілі. Мұны повестегі он үш жасар баланың қызық қылығы мен қиял қуа жасаған іс-әрекетінен көреміз. Мысалы, әкесінің томырық мінезін ұнатпауы жайында: «Жуықта Пионер газетіне «Мектебім» атты өлеңім жарияланғанда бетіме ежірейіп қарап отырып, «Ой-ит!»-деген. Басымнан да сипамады. Көкем сондай адам. Тентектік жасасам бишікпен тартып жіберуден тайынбайды, өлеңім шықса мәнерлеп тұрып ит дейді. Бала әкесі Сауытбекті мейірімнен тысқары, суық жан деп есептейді. Оның пікірі әділетті ме, мұны шығарманы оқи отырып оқырман өзі саралайды.

3 апта

Аптаның ойыны:

«Сіз балға барасыз ба?»
Ойнау тәсілі: Жүргізуші санақ жүргізеді:
«Иә» және «жоқ» деп айтпаңдар,
қара-ақ деп атамаңдар,
Сіз балға барасыз ба?
Оның міндеті - ойыншыны шатастыру. Ойыншының міндеті - "иә", "жоқ", "қара", "ақ"деген сөздерді пайдаланбай сұрақтарға жауап беру. Қарапайым және күрделі сұрақтарды араластыру, сөйлеу мен интонацияны өзгерту.
Развивает: қалыптан тыс ойлай білу, өз сөзін қадағалау, назар аудара білу және қалыптасқан жағдайдан шығуды тез табу.

3 апта

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

1) «Біз зообақ сатып алдық»
Фильмде Ми отбасымен бірге бар жиған-терген қаржысын жұмсап, ауылдық жерде орналасқан, жойылғалы тұрған хайуанаттар бағын сатып алады. Хайуанаттар бұл отбасының өмірін күрт өзгертеді.

2) «Менің үй айдаһарым»
Ақылды және өнертапқыш Хьюго оның қайтыс болған әкесінің қалдырған құпия механизмнің сырын ашып болғаннан кейін, өмірін және қоршаған ортасын өзгертетін таңғажайып саяхатқа аттанады.

www.qundylyq.kz